

С.С. МҮРҒАБАЕВ

ҮЛКЕН ҚАРАТАУ ЖАРТАС СУРЕТТЕРИН МЕРЗІМДЕУ МӘСЕЛЕСІ

Қола дәуірінің бейнелері. Үлкен Қаратату жотасы археологиялық зерттеу түрғысынан өткен ғасырдың екінші жартысынан қолға алына бастағанымен, әлі толық зерттеліп бітті деп айтуға ерте. Соңғы жылдары анықталған 70-ке тарта жана петроглиф орындары соның айғағы. Бұрын белгісіз көптеген жана материалдардың анықталуы бұл аймақтың археологиялық ескерткіштерінің жасына байланысты мәселені де толықтыра түсуді қажет етіп отыр. Үлкен Қаратату жотасының жартас суреттерінің негізгі бөлігін қола дәуірінің бейнелері мен көріністері құрайды. Жалпы бұл ерекшелік Қазақстанның көшілік аудандарына тән құбылыс деп айтуға болады. Бұл кезеңнің бейнелеріндегі негізгі кейіпкер ретінде зооморфты образдардың арасынан бұқа-турлар, жылқылар, сондай-ақ алғашқы көлік түрлері – екі, торт дөңгелекті арбалармен қатар адам образы алғашқы орынға шығады. Төменде осы кезеңнің негізгі образдары мен оларды мерзімдеу мәселесіне қысқаша тоқтала кетсек.

Антропоморфты бейнелер. Кейінгі жылдары жинақталған материалдардың арасында Үлкен Қарататудың жартас суреттерін мерзімдеуге байланысты мәселелерді жаңаша қарастыруға және толықтырулар енгізуі қажет ететін материалдар легі анықталып отыр. Солардың қатарында антропоморфты бейнелер мен көріністердің жана үлгілерін айтуымызға болады. Суреттер арасындағы айрықша қызықты болып отырған Қарататудың солтүстік-батыс бөлігінен бірнеше орындардан (Сауықандық, Шалабай, Кіші Дарбаза, Тас-бұлак) анықталған жартас суреттеріндегі ерекше пішіндегі «әйелдер» кескінделген көріністерге тоқтала кетсек. «Ерекше пішіндегі» деп бөліп қарастырып отырған себебіміз, олардың әйел затына тән – бұрым, шығыңқы бөксе т.б. ерекшеліктері ешқандай дау тудырмайтындей айқын көрсетілген [1-6 суреттер]. Біз қарастырғалы отырған бейнелердің иконографиялық кейбір ерекшеліктері бір қарағанда сонау палеолит немесе неолит дәуірлеріндегі әйел образын беретін мұсіндерін еске түсірсе, екінші жағынан, кейбір жартас суреттерінде кездесетін неолит,

энеолит дәуірлерінің әйел бейнелерімен ұқсастық табады¹. Бұндай бейнелер басқа нысандарға қарағанда Сауықандық петроглифтерінде өте шебер орындалған жеке көрініс ретінде кездеседі. Сауықандық III тобында, тау тізбегінің батыс бөлігінде орналасқан жартас бетіндегі көріністе жалпы саны 16 антропоморфты бейне кескінделген. Олардың негізгі бөлігін құрайтын 12 «әйел» фигуralары. Әйел бейнелерінің бөкселері шенбер тәрізді домалак, кеудесі үшбұрышты болып келген. Сол жактағы екі әйел бейнелерінен басқаларының қолдары көрсетілмеген. Сол жактағы екі бейненің бұрымдарын байқауға болады, ушінші әйел басының он жақ жоғарғы бұрышында шенбер бейнеленген. Көріністің орта тұсында жыртқыш маскасын киген ер жынысты антропоморфты бейне. Кеудесі онға бағытталған он жактағы әйел бейнелеріне қарай кеуде тұсынан сызық (мүмкін қолы) көрсетілген, ал екінші қолын беліне таянған [1-сурет]. Кіші Дарбазада жартастарындағы үлкен бір көріністегі «әйел» бейнесінің пішіні алғашқыларды айналып қайталайды [5-сурет]. Келесі осындаған бейне Шалабай петроглифтерінде кездеседі. Бұл жердегі бейнелерде аздал өзгешелік байқалады: бірінде бөксесі «жүрек» іспеттес тәменгі жағы сүйірленіп біткен, аяғы мүлдем жок, кеудесі төртбұрышты, қолдары шартты түрде ғана көрсетілген (бір қолы тіптен көрсетілмеген), бейне контурлы етіп салынған [4-сурет]. Осы жердегі келесі бір бейне – «ромб» тәрізді, бұрыштары доғал екі бөліктен тұрады және әр бөлік әркелкі етіп бөлінген. Әр «ромбтың» жоғарғы және тәменгі бөліктегі үшбұрыш ретінде бөлініп, ортасында бір ойықтан салынған. Осы көріністе түйе, жылқы бейнелерімен қатар кеудесі кос үшбұрышты бөліктен тұратын антропоморфты, сондай-ақ сол жакта қолдары мен аяқтары ұзын, басының екі шетінде үш тармақтан тұратын бұрымы бар, бөксесі шығыңқы және бір әйел бейнесі кескінделген. Сонымен қатар орта тұста қабырғалары сатылы болып келген төртбұрышты үш өрнек пен ирек сызыктар кездеседі [6-сурет]. Сауықандық I тобында шок-

¹ Джасафарзаде И.М. Гобустан. - Баку: Элм, 1973. - 215с., илл.; Бледнова Н.С., Вишняцкий Л.Б., Гольдшмидт Е.С., Дмитриева Т.Н., Шер Я.А. Первобытное искусство (проблема происхождения). Под общ. редакцией Я.А. Шера. - Кемерово, 1998. С. 90-94. Рис. 22.

пар асынған ер пішінді антропоморфтымен некелік қатынаста көрсетілген қырынан кескінделген әйел бейнесі кездеседі [7-сурет].

Енді осы бейнелердің басқа да жартас суреттеріндегі баламаларына келер болсақ, алғашқы болып ойға Гобыстан петроглифтеріндегі әйел бейнелері келеді. Ал олардың хронологиялық көрсеткіші б.з.д. IV м.ж., төмөнгі мерзімдік көрсеткіші б.з.д. III мыңжылдықты қамтиды. Дегенмен бұл жердегі ортақ ұқсастық екі жағдайда да бейнелердің колдары көрсетілмеген, бөкселері шығынқы шенбер тәріздес болуы. Гобыстан петроглифтеріндегі жиі кездесетін келесі бір үлгідегі қырынан көрсетілген әйел бейнелері мен Сауысқандық I тобындағы әйел бейнесінің кескінделу пішіні де өте ұқсас [7-сурет]. Сондай бұл бейнелердің арасындағы ортақ ұқсастық тек қана олардың кескінделу пішінінде ғана емес, сонымен қатар сюжеттік композиция құру жағынан да ұқсастықтарын көруге болады. Мысалы Сауысқандық III тобындағы әйел бейнелері [1-сурет], сонымен қатар осы топтағы әйел мен бұқа бейнесі [2, 3-суреттер] Гобыстанның жартас суреттеріндегі Беюқаш нысанындағы «Едди гюзял» («Жеті сұлу») көрінісіндегі тіз қатар тұрған әйел бейнелерінің артқы жағында орналасқан бұқа бейнесінен көруге болады².

Қаратаяу петроглифтерімен Гобыстан петроглифтеріндегі келесі бір ұқсастықты эротикалық сипаттағы адортан әйел (талтайып отырған әйел) мен бұқа бейнесі қосарлана бейнеленген көріністермен бірге [8-сурет]³ жеке дара осы позада отырған әйел бейнелерінен көруімізге болады [9, 10-суреттер]⁴.

Сонымен қатар Оңтүстік Сібірдің Минусин ойпатындағы Усть-Туба, Черновая жартас суреттеріндегі бейнелерде талтайып отырған әйел бейнелерінің де артқы жағында бұқа бейнеленген. Ал олардың хронологиялық шенберін Э.Б. Вадецкая Окунев кезеңіне, яғни б.з.д. II м.ж. алғашқы жартысы деген болжам жасайды. Ол осы кезеңнің жерлеу орындарында осындағы суреті бар жартастардың кейде құрылыш материалдары ретінде кездесуін негізгі көрсеткіш етіп алады⁵.

Дегенмен Я.А. Шер бұл мерзімдеумен толық келісу қын екендігін айтады. Өйткені құрылыш материалы ретінде колданылғанымен, ол суреттің жартас бетіне қашан салынғанын анық айту мүмкін емес деп көрсетеді⁶. Я.А. Шер осы «екі жұптың» бірқатар басқадай археологиялық жәдігерлер ретінде (саз терракоталар, қабырғадағы өрнек, т.б.) неолит дәуіріне тән ескерткіштерде кездесетін баламаларымен толықтырады⁷. Жалпы осы мысалдардан көріп отырғанымыздай бұл образдардың тарапу аймағы да хронологиялық шекаралары да өте кең.

Қаратаяу жартас суреттеріндегі әйел бейнелеріне келесі бір ұқсастықты Орта Азия мен Таяу Шығыстағы ежелгі отырықшы өркениетке тән протокалаларда жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесінде көптеп табылған, сан алуан саздан жасалған әйел мүсінді терракоталардан көруімізге болады. Біріншіден, аяқтары мен колдары анық көрсетілетін Таяу Шығыстық мүсіндерге, сондай-ак Намазга-депенің энеолит дәуірінің терракоталарына қарағанда, Түркменстандағы Алтын-депе, Хапуз-депе, Намазга-депе т.б. табылған б.з.д. III м.ж. соны мен II м.ж. басында кеңінен тараған терракоталарға өте жақын келеді⁸. Оңтүстік аймактың қола дәуірінің терракоталарында оған дейінгі кезеңдерде анық көрсетілетін қолы мен аяқтары шартты түрде ғана көрсетіле бастайды. Ол ерекшеліктер Қаратаяу петроглифтеріне де тән: пішіні, екі жағдайда да колдарының көрсетілмеуі немесе шартты түрде ғана көрсетілуі, бөксе тұсының тәменгі жағындағы үшбұрышты өрнек, терракоталардағы қос бұрымның петроглифтерде кей жағдайларда шартты түрде көрсетілуі (бұрымды басқаша кескіндеу жартас суреттерінде мүмкін емес болғандықтан болар) [1-4-суреттер]. Осы тұста айта кететін және бір жәйт, Шалабай петроглифтеріндегі бір жартастағы ортақ көріністің екі шетінде орналасқан әйел бейнелерімен (олардың бірінің бөксесінің тәменгі жағы үшбұрышты етіп берілген) бірге қабырғалары сатылы болып келген төртбұрышты үш өрнек пен ирек сзық қескінделген [6-сурет]. Міне тап осындағы өрнектер Оңтүстік

² Джасафарзаде И.М. Гобустан. - Баку: Элм, 1973. С. 170, камень 78.

³ Джасафарзаде И.М. Көрсетілген еңбек. С. 151, камень 30: 10-14.

⁴ Джасафарзаде И.М. Көрсетілген еңбек. с. 140-160, камни 12,15, 24, 30, 31, 54.

⁵ Вадецкая Э.Б. Женские силуэты на плитах из окуневских могильников // Древняя Сибирь. Вып. 3. - Новосибирск: Наука, 1970. С. 263.; Вадецкая Э.Б. Древние идолы Енисея. - Л.: Наука, 1967. С. 32-34.

⁶ Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной Азии. - М.: Наука, 1980. С. 219.


⁷ Шер Я.А. Көрсетілген еңбек. С. 272.

⁸ Массон В.М., Сарианиди В.И. Среднеазиатская терракота эпохи бронзы. -М.: Наука, 1973. С. 33, 35, 42. Рис. 6, 7, 8. С. 148-195, табл. I-VI, XXV-XXVI, XXXI, XLIV.

Түркіменстандағы энеолит дәуірінің соны мен ерте қола дәуірінің (Намазга III–IV кезеңдеріне жатады б.з.д. III м.ж. басы) керамикалық ыдыстары мен басқадай бұйымдарында жиі кездеседі⁹. Жалпы терракоталарға сараптама жасау барысында зерттеушілер қола дәуірінің өйел мұсіндерінің дене бөліктерінде батырып, сызылып салынған крест, ирек сзызық, құн шуакты өрнектер оған дейінгі кезеңдердегі құрделі өрнектердің жетілдірлген нұсқалары болуы мүмкін деп болжам жасайды. Мысалы, Шалабай жартас суреттерінде өйел бейнесінің жаңындағы үшбұрышты ирек сзызық, құрделі крест ретіндегі таңбалар Оңтүстік Түркіменстанның қола дәуірінің терракоталарында жиі кездесетін өрнектер қатарында¹⁰. Қаратрудың солтүстік батыс болігінің, әсіресе Сауықсандық петроглифтерінде жиі кездесетін антропоморфты бейнелерінің қатарында иығына шоқпар асынған, қырынан кескінделген, аяқтары тізеден жартылай бүгіліп, бір қолы шынтақтан жоғары не төмен бүгілген антропоморфтылар [7, 11, 12, 13, 14, 15-суреттер]. Бір жағдайда осындағы екі бейне «сиам егіздері» тәріздес аяқтарының үштари біріктіріліп қандай да бір «эмблемалық» сипатта кескінделген [13-

сурет]. Бұл бейне өлем халықтарының көпшілігінде кездесетін «егіздер» мифінің көрінісі іспеттес. Жалпы шоқпар асынған антропоморфты бейнелер Орталық Азияның жартас суреттерінде өте жиі кездесетін бейне. Дегенмен біз қарастырып отырған антропоморфтылардың кескінделу пішіні мен позаларында өзгешелік байқалады. Біз қарастырып отырған аймак пен көршілес аймақтардың қола дәуірінің бұйымдары мен керамикасында кескінделген антропоморфты бейнелер кездеспеген. Осы бейнелердің бұйымдардағы не керамикада салынған бірқатар баламасы Алтын-депенің ерте қола дәуіріне тән (б.з.д. III-ші м.ж.) керамикаларында кездеседі¹¹. Керамикадағы бейнелерде шоқпар көрсетілмегенімен кескінделуіндегі иконографиялық ұқастықтары бір-біріне жақын яғни екі жағдайда да адамдар жартылай отырған калпында, қолдары иық тұсына дейін көтеріліп, шынтақтан бүгілген.

Біз мысал ретінде келтіріп қарастырып отырған терракоталық өйел мұсіндер де, керамикадағы бейнелер де сол аймақтың қола дәуіріне – яғни Намазга IV кезеңіне – III м.ж. немесе III м.ж. аяғы II м.ж. басына тән бұйымдар.



1-сурет



2-сурет



3-сурет

⁹ Массон В.М., Сарианиди В.И. Среднеазиатская терр... 115, рис. 17.; Массон В.М. Алтын-депе. - Л.: Наука, 1981. 26. 2, 4; табл. IV, XVIII, XXV.

¹⁰ Массон В.М., Сарианиди В.И. Среднеазиатская терр... С. 113-118, рис. 14,17-18, табл. XXIV, 6.

¹¹ Ремпель Л.И. Цепь времен. Вековые образы и бродячие сюжеты в традиционном искусстве Средней Азии. - Ташкент: Издательство литературы и искусства им. Гафура Гулямова, 1987. С. 8, рис. В.



4-сурет



5-сурет




6-сурет



7-сурет



8-сурет




9-сурет



10-сурет



11-сурет



12-сурет

Енді біз қарастырып отырған Үлкен Караптау жотасының жартас суреттерінің ежелгі қабатын мерзімдеу мәселесінде оңтүстікегі отырықшы өркениеттің арасындағы болуы ықтимал байланыстар мен ықпалды қарастыру қажеттілігі туады. Караптау жотасының орналаскан орны бір жағынан Мойынқұм, Бетпакдала сияқты жазықтық далалық аймақпен, ал оңтүстігі мен оңтүстік батысында Сырдария өзенінің жазықтық алқабымен шектесіп жатқандығын, сондай-ақ Сыр-

дарияның сол жағасы Қызылқұммен жалғасып жатқандығын ескергеніміз жөн. Өйткені біз бұл мәселені ашып көрсету үшін кешенді түрде зерттелген аймақтардың бірі Сырдарияның төменгі ағысында Хорезм археологиялық экспедициясының жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне қысқаша тоқталып өтсек. Сырдың төменгі ағысындағы ежелгі арналарының бірі Инкардария жағалауын зерттеу барысында С.П. Толстов Хорезмнің неолит және қола дәуірінің

мәдениеті мен Орталық Қазақстан, одан әрі солтүстік шығыс аудандардың сол кезеңге тән мәдениеттерінің байланыска түскен негізгі аудандарының бірі деп көрсетеді. Сондай - ақ Түгісken жерлеу кешенінің солтүстік бөлігіндегі қола дәуірінің қорымынан шикі кірпіштен өрілген мавзолей мен сол қорымның керамика кешені де жоғарыдағы болжамды дәлелдей түседі. Бұл нысаннның керамика кешені Хорезмнің антикалық керамикасының архаикалық тобына, сонымен катар Мургаб өзенінің бойындағы елді мекендердің керамикасына тән екендігін айтады¹². Жалпы Түгісken туралы пікірін «бұл мәдениет онтүстіктің жоғарығы өркениеттің ықпалына қатты ұшырағанымен, жергілікті далалық қола мәдениетінің белгілерін сактап қалғандығы айқын байқалады» деп тұжырымдайды¹³. Жалпы Қаратаудың солтүстік-батыс бөлігі Сырдарияның тәменгі ағысына жататын бөлікте орналасқандығын ескерсек (Қызылорда облысының Шиелі ауданында), бұл екі ауданның арасындағы, сондай-ақ онтүстіктегі ежелгі өркениетпен арадағы байланыстар мен ықпалдың болу ықтималдылығын шындыққа бір табан жақында түседі. Қаратаудың ежелгі жартас суреттерінің онтүстіктегі баламалары Сармыш-сай¹⁴, Қызылкүмдағы Бұқантау сияқты петроглиф орындарынан да байқалады¹⁵.

Сонымен катар ең ежелгі (мүмкін қола дәуіріне дейінгі кезең) бейнелердің қатарында өте көлемді етіп салынған (1,5 - 2 метрлік) жануарлар бейнелерін жатқызуға болады. Дегенмен бұл суреттердің сакталу деңгейі өте нашар. Осы тұста шатаспау үшін айта кетейін, бұл аймакта көлемді суреттер қола дәуірінің соңғы кезеңі мен ерте темір дәуіріне жататын бейнелер арасында да кездесіп отыр. Олардың ішінде өзінің реалистік түрпattyна сай жылқы (көлемі 2 м шамасында), ешкі бейнелері кездеседі.

Таяу Шығыс материалдары мен онтүстіктің жартас суреттерінің арасындағы ұқсастықты көрсететін келесі бір бейнелер қатарында Үлкен Қаратат жотасының Сауыскандық, Шалабай,

Көрібұлақ петроглифтерінде жи кездесетін битриуголды мәтінде орындалған антропоморфтылар болып отыр. Жалпы бұл мәтінде орындалған бейнелер Қазақстанның басқа аймактарында да кездеседі, дегенмен өте сирек. Басқа аймактардағы жартас суреттері бар ескерткіштерде олардың мүлдем аз кездесуі, ол бейнелердің пайда болуын жеке мәселе ретінде қоюға жеткіліксіз болды деп ойлаймын. Ондай жағдайда «байланыс» немесе «ықпал» дегенмен ғөрі «кездейсоқтық» дегенге жақын болар еді. Ал біздің жағдайда ондай бейнелер үлкен көрініс ретінде де, жеке бейне ретінде де жи кездеседі [11, 16, 17, 18, 19-суреттер]. Бұл мәселе кезінде Саймалы-таш петроглифтеріндегі битриуголды стиль мен Таяу Шығыстағы Сузы 1 керамикасымен салыстыру мәселесі ретінде де көтерілген болатын. Әйтсе де А.Н. Бернштам Саймалы-таш петроглифтеріндегі ежелгі қабатты б.з.д II-І м.ж. деп көрсетеді¹⁶.

Дегенмен бұл пікірге артынша В.А. Массон¹⁷, кейінірек Я.А. Шер келіспеушілік білдіріп, бұл баламалар негізге алынатын болса Саймалы-таш суреттерінің жасы әлде қайда ежелгі болу керектігін айткан болатын¹⁸. Сондай-ақ Саймалы-таш жартас суреттерімен ежелгі ирандық керамикасында тек қана стильдік параллельдер емес, сонымен қатар сюжеттік ұқсастықтар олардың арасындағы кездейсоқтық болуы ықтималдылығын құрт қыскартады деп жазған болатын¹⁹. Битриуголды стильдегі орындалған жануарлар бейнесін Жетісудың Таңбалы, Құлжабасы петроглифтерінен, Өзбекстанның Зарафшан, Нурага тауларындағы әсіресе Сармыш-сай петроглифтерінен кездестіруімізге болады. Дегенмен ол аймактарда битриуголды мәтінде негізінен жануарлар бейнеленген болса, біз қарастырып отырған аймакта ондай бейнелердің негізін антропоморфтылар құрайды. Әйтсе де бұл аймакта да сирек болса бұл мәтінде зооморфтыларды кездестіруге болады. Бұл антропоморфтылардың арасында бірнеше кескінделу ұлғасын айта кетуге болады: *бірінши*, колдарына құрылышы жағынан

¹² Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. - М.: Издательство восточной литературы, 1962. С. 80, 81, 85-86, рис. 38.

¹³ Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. С. 86.

¹⁴ Хужаназаров М.М. Памятники Узбекистана // Памятники наскального искусства Центральной Азии. Общественное участие, менеджмент, консервация, документация. - Алматы, 2004. - С. 109-114.

¹⁵ Оськин А.В. Петроглифы Букантау // Природа. - 1976. - № 10. - С. 83-89.

¹⁶ Бернштам А.Н. Наскальные изображения Саймалы-Таш // СЭ. - 1952. - № 2. - С. 64.

¹⁷ Массон В.А. Древнеземледельческая культура Маргiana. - М.-Л., 1959. С. 116.

¹⁸ Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной Азии. - М.: Наука, 1980. С. 207-208.


¹⁹ Шер Я.А., Голендухин Ю.Н. Колесницы Саймалы-Таш // По следам памятников истории и культуры Киргизстана. - Фрунзе: Илим, 1982. С. 23, рис. 11.

«құрама садаққа» келетін, көлемі өте үлкен садақ ұстаған, адамдардың бастьарында «қауырсын тәріздес» бір, екі кейде бірнеше сызық бейнеленген. Кей жерлерде бұл «қауырсын» ұшы жапырақ не жебе ұшы тәріздес болып аяқталған [16-19-суреттер]. *Екінші*, колдарын екі бүйіріне таянған және қеудесі мен қолының ортасында бір-бірден ойық көрсетілген. Осындағы бейненің бірінде басын айналдыра «құн шұағы» іспеттес ойықтар көрсетілген. Кейде бұл бейнелердің де садақ ұстап тұрған сәті бейнеленеді, дегенмен бұлардың алғашқы «садақшыларға» қарағанда садақтары да, ұстай өдісі де шартты тұрде ғана көрсетілген сияқты. Өйткені бір жерде садақты шынтақ тұсна іліп алған, немесе жанамалап салынған [11, 19 - 1-суреттер]. *Үшінші*, өртүрлі «бетперде» киген кейіпкерлер [1, 10, 20-27-суреттер].

Осы қыскаша келтірілген мәліметтерді еске-ре отырып, Үлкен Қаратай жартас суреттеріндегі жоғарыдағы антропоморфты бейнелер тобын мерзімдеудің тәменгі көрсеткіші б.з.д. III м.ж. соны, ал жоғарғы мерзімдеу шекарасы шамамен б.з.д. II м.ж алғашқы жартысы деп көрсетуге болады. Бұл мерзімдеу көрсеткішін Саймалы-таш петроглифтерін Я.А. Шер көрсеткен мерзімдік көрсеткішіне, сонымен қатар Сармыш-сай петроглифтеріне сәйкес келеді.

Қарастырылып отырған аймақтың антропоморфты бейнелердің катарында өсіп-өну күльтінен байланысты эротикалық көріністер [7, 13, 9, 10, 8, 14, 24, 28, 29-суреттер] мен ғұрыптық би немесе ғұрыптық рәсім сәті кескінделген көріністерге [30, 31, 32, 33, 34-суреттер] тоқтала кетсек. Тектүрмас II тобында шалқасынан жатқан, көлемі 0,9

х 1,5 м келетін жартас бетіндегі көп бейнелі, палимпсест көріністің тәменгі жағында екі катардан тұратын – тәменгі катарда 16, екінші катарда 6 антропоморфты бейне кескінделген [33-сурет]. Бұл бейнелердің салыну өдісі, жоғарғы бөліктегі бейнелерге қарағанда ұқыпты және көлемдері шағын. Тәменгі екі катардағы адамдар тіз қатар тұрып, барлығы колдарын жоғары көтерген және қол ұстасып тұр. Қатардағы бірнеше адамның қеудесі ортадан екіге бөлінген квадраттармен бөлінген. Көріністің он жақ бұрышында бір-бірімен бірігіп жатқан ортасы төртке бөлінген шенбер кескінделген. Жалпы тұтастай алғанда, бұл көріністегі бейнелердің салыну өдісі мен жартас бетіндегі орналасу кезектілігіне яғни алғашқы болып жартастын тегіс әрі ынғайлы орта бөлігі игерілгендейтін айтуға болады. Бұл көріністің баламасын Қарататудың жотасының Онтүстік шығыс белігіндегі Габаевка жартасынан²⁰, Таңбалыдағы құн бастылар бейнеленген жартастан²¹, Монголияның жартас суреттерінен²², Гобустан петроглифтерінен²³, Құлжабасы петроглифтерінен көруімізге болады. Тектүрмастағы көрініс пен Таңбалыдағы осы көріністердің арасында кескінделу ұқастығы ғана емес, сондай-ақ композиция құру ортақтығын да байқауға болады. Таңбалыдағы ғұрыптық әрекет жасап жүрген антропоморфтылардың жоғарысында «қунбастылар» бейнеленсе, Тектүрмаста ол ортасы төртке бөлінген шенбер ретінде берілген. Бұл екі жағдайда да ортақ дүниетанымға байланысты мәселе жатқандығын байқауға болады. Сондықтан бұл бейнелер мерзімдеу тұрғысынан да бір-бірімен шамалас екендігін айтуға болады.



13-сурет

14-сурет

15-сурет

²⁰ Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратай. - Алма-Ата: Наука, 1977. С. 145, рис. 84.

²¹ Максимова А.Г., Ермолаев А.С., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения Тамгалы. - Алма Ата: Өнер, 1985. С. 28.

²² Новгородова А.Э. Мир петроглифов Монголии. - М.: Наука, 1984. С. 122, рис. 49.


²³ Рустамов Д.Н. Наскальные изображения Гобустана // Проблемы изучения наскальных изображений в СССР. - М.: Наука, 1990. С. 99-100, рис. 1.




16-сурет



17-сурет




18-сурет



19-сурет




20-сурет



21-сурет



22-сурет



23-сурет

Осы бейнелермен кезеңдес бейнелер катарында Қызылшын, Қарабұлак жартас суреттерінде бірнеше жерде кездесетін алақан бейнелерін айтуға болады [32, 35-суреттер]. Жалпы жартас суреттерінде сирек кездесетін бейнелер болғанымен, олардың хронологиялық шенбері өте ауқымды. Алақан бейнелерін палеолит дәүірінен бастап, ортағасырлық және қазактардың бейнелеу өнерінің арасынан да кездестіруге болады²⁴. Мысалы Батыс Еуропаның Гаргас үнгірінен бояумен салынған 231, ал Коске үнгірінен 39 алақан бейнесі анықталып отыр²⁵. А.А Формозов Новгород түбіндегі Щеглеңтегі алақанды б.з.д. II м.ж. соны²⁶, Таулы Алтайдағы Калбак-Таштағы алақанды В.Д.Кубарев энеолит-қола дәүірлерінің бейнелері катарына жаткызыса, кейінірек Алтай петроглифтеріндегі алақандар мен табан бейнелерін ерте қола дәүірі, дамыған қола дәүірі деген көрсеткішті ұсынады²⁷, ал Памирдегі Язгүлем петроглифтеріндегі алақан бейнелерінің мерзімін анық көрсетпегенімен Я.А. Шер олардың өте ежелгі дәүірлерге жататындығын айтып откен²⁸. Ал біздің жағдайда алақандардың салынған мерзімін ашып көрсетуге сол тегістік бетіндегі басқадай суреттер, дәлірек айтсак, төрт дөңгелекті арба, тегістік бетіндегі басқадай бейнелердің қола дәүіріне тән барлық кескінделу ерекшеліктері дәлел бола алады. Сонымен катар бұл тегістік бетінде ешқандай палимпсест байқалмайды, яғни суреттердің барлығы бір кезеңде пайда болған деп айтуға болады, сондай-ак бейнелердің ешқайсысында ерте темір кезеңіне немесе сақ-скиф өнеріне тән компоненттер байқалмайды. Демек олардың салынған уақытының ең жоғарғы көрсеткіші б.з.д. I м.ж. дейінгі кезеңдер, тәменгі жас көрсеткіші б.з.д. II м.ж. ортасы деп алуға болады. Бұл мерзімдік көрсеткіш Қаратай жотасындағы бұған дейінгі зерттеулердің материалдарымен сәйкес келеді²⁹.

Улken Қаратай жотасында 1998–2010 жылғы зерттеулер барысында ауданның жартас суреттері арасында арба бейнелері көптеп табылды. Бұл бейнелер атальыш аудандарда бұған дейінгі

кезеңдердегі жартас суреттерінен табылған арба бейнелерін бір жағынан толықтыра түсетін болса, келесі жағынан арбалардың хронологиялық шенберлерін ашып көрсетуге байланысты мәселелерді жана қырынан қарастыруға мүмкіндік беретін арбалардың құрылымдық ерекшеліктері, жегілген жануарлар мен олардың стильдік ерекшеліктері, сондай-ак жалпы көріністік сипаттағы бейнелермен толықтырылып отыр.

Әзірше колда бар деректердегі ең ежелгілердің катарында Саусықандық, Тасбұлак жартас суреттеріндегі арба бейнелерін атап өтуге болады [36, 37, 22, 38, 39-суреттер]. Бұл петроглифтердегі арба бейнелерінің құрылымындағы ерекшеліктерге тоқталатын болсак; *біріншіден*, дөңгелектерінің диаметрі өте шағын және тұтас, сондай-ак жұқ аланы да өте қарапайым – төрт бұрышы айнып кетпес үшін ортасынан айқастыра қойылған екі тіреу ғана көрсетілген. Бұл арбаларда жалпы жартас суреттерінде төрт дөңгелекті арбалардың бейнелеуде жиі кездесетін жұқ аланын толық жабу үшін қойылатын көлденен сыйықтар (тақталар) көрсетілмеген. *Екіншіден*, жегілген жануарлар ретінде ірі қара малы көрсетілген. Жегілген жануарлардың кеудесі кейде толық қашалып берілсе, кейде теңбіл етіп кескінделген. *Үшіншіден*, арбалар төбесінен қарғандағы жобасы ретінде кескінделген және жегілген жануарлардың екеуі де аяқтары тәмен қаратып салынады, яғни бір-бірінің үстінде орналаскан. *Төртіншіден*, арбалар жануарларға жалғыз оқтық арқылы жегілген, әйтсе де оқтықтың соңғы жағы арбаның тұмсығына ашамай тәрізді қос сыйықпен бекітілген. Бір жағдайда жегілген кос ірі қара бір-біріне мұрындықпен косақталған [22-сурет], сондай-ак «арбашының» колынан жануар басына барған тізгін көрсетілген. «Арбашылар» ұзын құйрықты аң маскасында кескінделген. Жалпы біз ең ежелгі деп қарастырып отырған арбалардың құрылымы мен жегу әдісі, сондай ақ композиция құру ерекшелігі жағынан Саймалы-таш петроглифтеріне өте жа-

²⁴ Самашев З., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері. - Алматы: «Иль-Тех-Китап», 2005. 82-87 б, 95-98 сур.

²⁵ Бледнова Н.С., Вишняцкий Л.Б., Гольдшмидт Е.С., Дмитриева Т.Н., Шер Я.А. Первобытное искусство (проблема происхождения). Под общ. редакцией Я.А. Шера. - Кемерово, 1998. С. 131.

²⁶ Формозов А.А. Памятники первобытного общества на территории СССР. -М., Наука. 1980. С.65, рис.YI.

²⁷ Кубарев В.Д. Периодизация петроглифов Калбак-Таша (Горный Алтай) // Проблемы изучения наскальных изображений в СССР. - М.: Наука, 1990. - С. 154-156, рис. 1.; Кубарев В.Д. Образ быка в петроглифах Алтая // Первобытная археология. Человек и искусство. - Новосибирск, 2002. С. 50.

²⁸ Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной Азии. - М.: Наука, 1980. С. 84, рис 19.

²⁹ Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Каратайские колесницы // Археологические исследования в Казахстане. - Алма-Ата, 1973. - С. 140-142.

қын. А.Н. Бернштамның Саймалы-таштағы арбалардың жасын б.з.д. III м.ж. жататын Сузы I керамикасымен салыстыра келіп, «предсакский» деп көрсете отырып, шамамен б.з.д. II-І м.ж. деп олардың жасын мың жылға жасартып көрсетуі түсініксіз. Ол бұны «кола дәуіріндегі Тянь- Шань малышлары көршілес Ферғана оазисіндегі жер шаруашылығымен айналысуши егіншілерімен байланыста болған» деп түсіндіреді³⁰. Демек Саймалы-таш бейнелері б.з.д. II мыңжылдықтағы Ферғаналық Чуст мәдениетімен кезендес. Бірак Ферғана жазығындағы кола дәуірінің ескерткіштерінен табылған керамика бүйімда-рында бір де бір жануар бейнесі кездеспеген. Оның үстіне Ферғана ескерткіштерін кезендеуде б.з.д. IV-III м.ж. дейін өмір сүрген неолит кезені мен Чуст мәдениетінің арасында басқа ескерткіштер беймәлім³¹. Бұл мерзімдеуге байланысты көп ұзамай В.М. Массон – «егер Саймалы-таш жартас суреттерін б.з.д. IV м.ж. ортасына жататын Сузы I кешенінің керамикасымен салыстыра қарастыратын болса онда олардың салыну уақыты өлдекайда ежелгі болуы керек» – деп өз пікірін білдіреді³². Сузы I мен Саймалы-таш арасындағы ұқсастықтарды Я.А. Шер Орта Азияның Сармыштай, Наматтут жартас суреттерінде, сондай ақ б.з.д. IV-III м.ж. Таяу Шығыс пен Орта Азияның онтүстігіндегі Гиян, Сиалқ, Карадепе, Гиссар, Исмаилабад, Намазга III сияқты ескерткіштерінің керамикасындағы ұқсастықтармен олардың таралу аймағын көнегіте түсті³³. Дегенмен «битриуголді» стильдің Таяу Шығыс пен Орта Азиядан басқа жерлерде кездеспеуі, бұл мәтінде орындалған жануарлар бейнесінің ешқандай ықпалсыз дербес дамыған деп айтуға негіз бермей отыр (батыстағы Кавказ, шығыстағы Алтай, Тува, Монголия, Онтүстік Сібір, солтүстікте Қазақстан кездеспеуі). Олай болатын болса ежелгі ирандық керамикадағы жануарлар салынған битриуголдық мәтін Ферғана мен Орталық Тянь-Шаньда б.з.д. IV м.ж. сонымен – III м.ж. басындағы Орталық Ирандағы тайпалық одактардың Копетдаг тауларынан жылжыған кезендерінен көп кешікпей пайда болған

деген пікірімен келісуге тұра келеді³⁴. Я.А. Шер «егер олай болатын болса Саймалы таштың ежелгі бейнелерінің жасын жок дегенде мың жылға жоғары, яғни А.Н. Бернштам белгілеген б.з.д. II мыңжылдықтан б.з.д. III м.ж. жылжыту қажет болар еді» және «Ферғананың археологиялық ескерткіштерін мерзімдеу мәселесінде б.з.д. IV-III м.ж. дейін өмір сүрген неолит дәуірі мен Чуст мәдениетінің (б.з.д. II м.ж.) арасындағы «сызықшаны» (яғни ешқандай ескерткіш белгісіз) толтыру максатында емес., дей келе Саймалы таштағы «битриуголды» бейнелерді б.з.д. II м.ж. емес б.з.д. III м.ж. деп көрсету басқа болжамдарға қарағанда дұрыс келетін сияқты...»³⁵ деп тұжырымдайды. Бұл ойды З. Самашев та колдайтын сияқты Ақбауырдағы қызыл бояумен салынған қос дөңгелекті арба бейнесін б.з.д. III м.ж. сонымен II м.ж. басы болуы (тіпті одан да ерте III м.ж. екінші жартысы) ықтимал деген пікір айта келе, «не исключены контакты горно-степных племен Верхнего Прииртышья и Тарбагатая через Семиречье и юг Казахстана с древними поселенцами северо-восточной окраины Средней Азии. Не исключаются, конечно, и другие пути контактов прииртышских и других степных племен (в конце III –начале II тыс. до н.э.) с земледельческими и скотоводческими народами Средней Азии. В любом случае надо исходить из того, что распространение колесного транспорта в этом регионе шло с юга» деген көзқарасын білдіреді³⁶.

Сонымен қатар Байқоңыр петроглифтеріндегі төрт дөңгелекті арбаларымен Сауықсандықтағы арбалардың айырмашылықтарынан гөрі, сәйкестіктері көп: дөңгелектерінің диаметрі өте шағын, құрылымы мен жегу өдісінде ұқсастықтар бар. В.А. Новоженов Сарыарқа петроглифтеріндегі арбалардың М.К. Қадырбаев, А.Н. Марьяшев қарастырган Қарататулық арбалардан кескінделуі мен жегілуінде өзгешелік бар екендігін айта келе, Байқоңырлық арбалардың жасын б.з.д. III мыңжылдықтың соны мен II мыңжылдықтың ортасы деп көрсетеді³⁷. Дегенмен ол жерде жегілген жануар ретінде бірінде

³⁰ Бернштам А.Н. Наскальные изображения Саймалы-Таш // СЭ.- 1952.- № 2.- С. 65.

³¹ Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной Азии. - М.: Наука, 1980. С. 207.

³² Массон В.А. Древнеземледельческая культура Маргiana. - М-Л., 1959. С. 116.

³³ Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной Азии. - М.: Наука, 1980. С. 34, табл. VII.

³⁴ Массон В.М. Историческое место среднезиатской цивилизации // СА. – 1964.- № 1. - С. 15-16.; Массон В.М. Средняя Азия и Древний Восток. - М-Л., 1964. - 403 с.

³⁵ Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной ... С. 207-208.

³⁶ Самашев З. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. - Алма-Ата: Ғылым, 1992.- С. 146-147.

³⁷ Новоженов В.А. Петроглифы Сары Арки. Алматы, 2002. С. 44, рис. 8.

түйелер, келесісінде жылқылар көрсетілген. Ал Сауықсандық петроглифтерінде қарастырылып отырған бейнелер арасында барлық жағдайда ірі қара көрсетілген. Тек бір жерде ғана жегілген жануарлардың пішіні жылқыға ұқсас, әйтсе де мүйізі көрсетілген [38-сурет]. Сондай-ақ соңғы жануарлардың бірінің басының бір бөлігінің үстін бастыра (палимпсест) «сеймалық» мәнерде орындалған жылқы бейнесі салынған. Сеймалық мәнердегі бұл бейненің жас көрсеткіші шамамен б.з.д. II м.ж. орта шенін қамтитындығы белгілі. Бұл бейнелердегі ерекшеліктер Карагатай өнірінде ежелгі арба бейнелері Байқоңырлық арба бейнелерімен кеңедес, яғни б.з.д. III м.ж. соны б.з.д. II м.ж. алғашқы жартысында пайда болуы ықтимал деген болжам жасауға мүмкіндік береді. Ал біз қарастырып отырған ауданының Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда осы онтүстіктерінде ежелгі өркениетке ен жақын орналаскан аудандардың бірі екендігі, сондай-ақ жоғарыда көлтірілген антропоморфтылармен таңбалар жүйесіндегі ұқсастықтарды қоса айтатын болсақ, белгілі бір дәрежеде осы екі аймақ арасындағы байланыстың болғандығы шындыққа жақындей түстеп сияқты.

Бұл аймақтағы жартас суреттеріндегі ең алғашқы арба бейнелерінің пайда болуы, казіргі танда арбалардың алғаш пайда болған орталықтарының бірі ретінде қарастырылып жүрген Орта Азиялық - Намазга, Алтын-депе сияқты ежелгі өркениеттің ықпалының негізінде болса керек. Мысалы Сырдарияның төменгі ағысындағы ежелгі Инкардания арнасынан, Әмударияның Ақшадария саласындағы энеолиттік кельтеминарға тән микролиттік бұйымдардың анықталғанын, одан кейінгі кезеңдерде қола дәүірінде тән тазабагъябытық керамикалық бұйымдардың анықталуы осы екі аудандардың арасындағы ежелгі байланыстардың болғандығын раставиды³⁸. Ал Амударияның орта және төменгі ағысындағы ескерткіштердің Түркіменстанның онтүстік аймақтарының неолит, энеолит, қола дәүірлерінің ескерткіштерімен арасында өзара байланысы болғандығы белгілі. Сондықтан ежелгі арбалар Карагатай өнірі (Сырдың төменгі ағысы) мен Орталық Қазақстанның іргелес аймақтарына III м.ж. соны мен II м.ж. басында келген болуы ықтимал.

Я.А. Шер ежелгі шумерлік, ежелгі египеттік, хеттік, ассириялық, урартулық рельефтердегі, антикалық құмырадағы суреттерде, мөрлер мен басқа да тегістіктердегі арбалар мен оларға жегілген

жануарларды бейнелеу мен жартас суреттеріндегі осындағы көріністердің кескінделуінде айырмашылықтардың бар екендігін жазған болатын. Жартас суреттеріндегі арбалардың құрылымына, оларға жегілген жануарларға, кескінделу ерекшелігіне қарап, екі түрге бөліп қарастырған: *biriniši* арбандың тәбесінен қарағандағы жобасы ретінде кескінделген бейнелер. Бұл бейнелеу әдісінде жегілген жануарлардың екеуі де аяқтары тәмен қарастып салынады, яғни бір-бірінің үстінде; *ekiniši* жағдайда жегілген жануарлардың аяқтары екі жакка – бірі тәмен, келесі жоғары қаратып кескінделген бейнелер. Мысал ретінде Саймалы-Таш петроглифтерінен 38 арбаны және Қаратау петроглифтерінен 56 арбаны қарастырады. Нәтижесінде бірінші сипаттағы бейнелердің барлық көрсеткіштер жағынан екіншілеріне қарағанда ежелгі екендігін айтады. Сонымен қатар ежелгі деп табылған бейнелердің басым бөлігінде бұқалар жегілгендігін атап көрсетеді. Ал жартас суреттерінде кырынан кескінделген арбалар алғашқыларына қарағанда кейінгі кезеңдердің қамтитынын айта келе петроглифтердегі арба бейнелерін таяушылыстық арба бейнелерімен салыстыру сенімді көрсеткіш болуы қын екендігін айтады³⁹. Кейінгі жылдары анықталған Үлкен Қаратау петроглифтеріндегі арбалардың құрылымы мен оларға жегілген жануарлардың түрінің жоғарыдағы Я.А. Шер көрсеткен тұжырымдарымен сәйкестіктері көп.


Аймақтың жартас суреттеріндегі арбалардың келесі хронологиялық кезеңі, М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшевтың материалдары бойынша мерзімдеу көрсеткішіне, яғни б.з.б. II м.ж. ортасы мен сонына сәйкес келеді. Дегенмен «Қаратаудың жана петроглифтері» атты еңбекте олардың хронологиялық көрсеткіштері б.з.д. II мыңжылдықтың ортасы дей келе, мүмкін одан да ертерек салынған болуы ықтимал, бірақ б.з.д. XYIII–XYI ғасырлардан ерте емес деп көрсетіледі⁴⁰. Міне сондай бейнелердің қатарында Жұзімді, Тектүрмас, Қызылшың, Тасбұлак, Сатайбұлактағы дөңгелектері төрт бөліктен тұратын және құрылымы жағынан алғашқыларына өте жақын арбаларды айтуға болады [32, 40, 41-суреттер].

Қорыта келгенде Қаратау жотасында соңғы жылдардағы жинақталған материалдардың негізінде ең ежелгі бейнелерінің пайда болған уақыты шамамен б.з.д. III м.ж. соны, б.з.д. II м.ж. басы деген тұжырым айтуға болады.

³⁸ Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. - М.: Издательство восточной литературы, 1962. С. 79-80.

³⁹ Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной ... С. 202-205, XI-XII кесте.

⁴⁰ Байпаков К.М., Марьяшев А.Н., Байтанаев Б.А. Қаратаудың жана петроглифтері. Алматы, 2007. 14 б.

**Резюме**

Рассматриваются вопросы хронологии петроглифов хребта Карагатай по новым материалам исследования.

Summary

In this article the chronology questions of petroglyphs of Karatau mountain ridge by new research data is considered